



**№ 4 (40)
2015**

Меншік иесі және баспагер:

«Қазақстан Республикасының
Заңнама институты» ММ

2006 жылдан бастап шығады

Журналдың материалдары
www.iz.adilet.gov.kz сайтында
орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша
диссертациялардың негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес:

Б.М. Имашев (Төраға)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смағұлов
И.Ш. Борчашвили

Редакциялық алқа:

Н.М. Әбдіров
З.С. Байниязова (Саратов қ., РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дүйсенов
А.Д. Жүсіпов
Д.Ж. Игембаев
А.Қ. Қанатов
Т.Е. Қаудыров
В.Т. Қоныс
Ж.О. Құлжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сағидан
Ә.Г. Сақтағанов
Т.С. Сафарова
М.А. Сәрсембаев

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.

Мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ.,
Орынбор к., 8 үй
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Қазақстан Республикасы Заңнама Институтының Жаршысы

ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің 20 жылдығына арналған салтанаттық жиналыстағы ҚР Әділет министрі Б.М. Имашевтың сөйлеген сөзі	7
Конституциялық және әкімшілік құқық	11
Л.Т. ЖАНҰЗАҚОВА Президенттің Жүз қадамын жүзеге асыру аясындағы Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметті жетілдірудің негізгі бағыттары	11
З.К. АЮПОВА, Д.Ө. ҚҰСАЙЫНОВ Заңды процестер қазіргі құқықтық интеграцияның негізгі құрамдас бөлігі ретінде.....	18
Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы	25
В.Т. ҚОНЫС Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттердегі банк омбудсманы.....	25
И.Қ. ЕЛЕУСІЗОВА, Д.М. ШӘМШЕКБАЕВ Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша рента шартын құқықтық реттеудің кейбір мәселелері.....	33
И.Қ. ЕЛЕУСІЗОВА, Е.В. НЕСТЕРОВА, Д.М. ТҰРЛЫБЕК Шарттық міндеттемелер бөлігіндегі азаматтық заңнаманы жетілдіру (жалпы ережелер және мүлікті беру туралы шарттық міндеттемелер)	39
Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу	44
А.Қ. ҚАНАТОВ Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыруды (жылыстатуды) жіктеу проблемасы (жаңашылдықты мониторингілеу)	44
Қ.Е. ИСМАҒҰЛОВ, Е.М. ЕЛУБАЙ Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу барысында Қылмыстық және Қылмыстық іс жүргізу кодексін қолданудың кейбір мәселелері	49
А.К. КҰРМАНОВА, Қ.Е. ИСМАҒҰЛОВ Кепілдегі мүлікке тыйым салудан босату, оның ішінде қылмыстық процесте тыйым салудан босату туралы, азаматтық талап қоюды қараудың құқықтық аспектілері	54
Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану	61
М.А. СӘРСЕМБАЕВ, Қ.М. СӘРСЕМБАЕВ, Д.М. СӘРСЕМБАЕВ The theme of terrorism in international law documents: proposals for their perfection (Халықаралық құқықтық құжаттардағы терроризм тақырыбы: оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар).....	61

Ж.И. ИБРАГИМОВ, Ж.С. ДАЙЫРОВА Еуропалық Одақтағы шешімдер қабылдау тетіктерінің өзекті ережелері	71
Е.А. ОМАРОВ, Б.О. БЕРЕМКУЛОВ Қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсетудің құқықтық базасын жетілдіру мәселелері	77
Д.Х. ПЕРНЕЕВ Қосарланған салық салудан жалтарудың кейбір мәселелері туралы	84
Құқықтық мониторинг	88
Т.С. САФАРОВА Құқықтық мониторинг Қазақстан Республикасының құқықтық саясаты тұрғысынан: теориялық-талдау аспект	88
С.Б. АЙСИН, З.Ғ. ҚАЗИЕВ Заңнама тиімділігін зерттеудің шетелдік тәжірибесі	92
Ә.Ғ. ҚАЗБАЕВА Нормативтік құқықтық актілерге қоғамдық мониторингінің теоретикалық аспектілері	96
Е.А. ДҮЙСЕНОВ, О.Қ. ҚАРАҚОЖАЕВ Қазақстан Республикасында қоғамдық ұйымдардың құқықтық мониторинг жүргізуге қатысуы	101
Мемлекеттік тілде заң шығару тәжірибесінен	105
Ш.Р. МЫРЗАЕВА, Т.Е. МҮШАНОВ Ұлттық заңнамадағы терминология мәселелері	105
Е. САФУАНИ, А. КАДИРОВА Заңнамада терминнің атқаратын рөлі	110
А.А. МЕДИНАЕВА Қолданыстағы заңнаманың тілдік кемшіліктері	114
Л.С. ТҰРҒАНБАЕВА Халықаралық шарт мәтінінің теңтүпнұсқалылығы мәселелері	119
Г.М. ЖЕТЕПОВА Аударма тіліндегі терминдер мәселелері	123
Шетелдік тәжірибе	127
О.В. БЕЛЮСОВА (Мәскеу қ.) Еуропалық Одақтың Латын Америка мемлекеттерімен халықаралық экономикалық қарым-қатынасы	127
Жас ғалым мінбері	134
Д.М. ТҰРЛЫБЕК Тиімді салық саясаты және шағын бизнесті дамыту – өзара әрекеттесудің баламалы жолдары	134
Е.К. АХМЕТОВ Нормативтік құқықтық актілерге қоғамдық мониторинг туралы	139
А.С. ӘБДІКӘРІМОВА Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлықтың қазіргі жай-күйі және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды тергеудің проблемалары.....	144
Ә. ЖҰМАБЕКОВА Еуропалық Одақтағы халықаралық шарттарды әзірлеу мен жасау және Ұлыбританияның Одаққа қатысты «ерекше рөлі»	149
Ж.А. МАМИТОВА Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы құжаттарды жіктеу туралы	155
Ж.Б. УӘЛИЕВА Заманауи қылмыстық құқықтық саясат қағидаларына сай отандық заңнамада кінә ұғымын бекіту мәселелері	161
Ә.Қ. ҚАПЫШЕВА Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік реформалау халықаралық тәжірибесі	167
А.М. БЫТЫМБАЕВ Шаруашылық немесе өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзудың мазмұны мен жалпы сипаттамасы	172
Ж. МУСИНА Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасындағы мүлкті тәркілеу: құқықтық реттеудегі жаңа ұстанымдар	177
Д.Б. БАЙСАҒАТОВА Қазақстан Республикасының халықаралық терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимылдағы рөлі	183
Т.Б. ЖҰМАҒҰЛОВ Су қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы халықаралық ұйымдар және олардың қызметі. Құқықтық аспектілер	189
А.М. МАТЫШОВА Жасырын тергеу әрекеттерінің құқықтық реттелу мәселелері	193
Б.Н. ТӘЖІБАЕВ Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтардың объективтік белгілері	199

<i>Ақпараттық хабарламалар</i>	207
2015 ж. 5-6 қарашада Астана қ. өткізілген «Әкімшілік акт: шығару, мазмұны және дау айту» тақырыбында әкімшілік құқық бойынша алтыншы халықаралық ғылыми-практикалық конференция туралы ақпараттық хабарлама	207
<i>Даналық ойлар</i>	213





**№ 4 (40)
2015**

Собственник и издатель:
ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»

Издается с 2006 года
Все материалы журнала
размещаются на сайте
www.iz.adilet.gov.kz

Включен в перечень изданий
для публикации основных
научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Редакционный совет:
Б.М. Имашев (Председатель)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смагулов
И.Ш. Борчашвили

Редакционная коллегия:
Н.М. Абдиров
З.С. Байниязова (г. Саратов, РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дюсенов
А.Д. Жусупов
Д.Ж. Игембаев
А.К. Канатов
Т.Е. Каудыров
В.Т. Конусова
Ж.О. Кулжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сагидан
А.Г. Сактаганов
М.А. Сарсембаев
Т.С. Сафарова

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан

Адрес:
Республика Казахстан,
010000, г. Астана,
ул. Орынбор, д. 8,
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Вестник Института Законодательства Республики Казахстан научно-правовой журнал

СОДЕРЖАНИЕ

Приветственное слово Министра юстиции РК Б.М. Имашева на торжественном собрании, посвященном 20-летию Конституционного Совета Республики Казахстан.....	9
Конституционное и административное право	11
Л.Т. ЖАНУЗАКОВА Основные направления совершенствования государственной службы в Республике Казахстан в свете реализации 100 шагов Президента	11
З.К. АЮПОВА, Д.У. КУСАИНОВ Юридические процессы как составляющая основа современной правовой интеграции	18
Гражданское и гражданско-процессуальное право	25
В.Т. КОНУСОВА Банковский омбудсман в Республике Казахстан и в зарубежных странах	25
И.К. ЕЛЕУСИЗОВА, Д.М. ШАМШЕКБАЕВ Некоторые вопросы правового регулирования договора ренты по законодательству Республики Казахстан	33
И.К. ЕЛЕУСИЗОВА, Е.В. НЕСТЕРОВА, Д.М. ТУРЛЫБЕК Совершенствование гражданского законодательства в части договорных обязательств (общие положения и договорные обязательства о передаче имущества)	39
Уголовное право и уголовный процесс	44
А.К. КАНАТОВ Проблема квалификации отмыывания денег и (или) иного имущества, полученных преступным путем (мониторинг нововведений)	44
К.Е. ИСМАГУЛОВ, Е.М. ЕЛУБАЙ Некоторые вопросы применения норм УК и УПК при расследовании преступлений коррупционной направленности	49
А.К. КУРМАНОВА, Қ.Е. ИСМАГУЛОВ Правовые аспекты рассмотрения гражданских исков об освобождении имущества, находящегося в залоге, от ареста, в том числе и в уголовном процессе	54
Международное право и сравнительное правоведение	61
М.А. САРСЕМБАЕВ, К.М. САРСЕМБАЕВ, Д.М. САРСЕМБАЕВ The theme of terrorism in international law documents: proposals for their perfection (Тема о терроризме в международно-правовых документах: предложения по их усовершенствованию)	61

Ж.И. ИБРАГИМОВ, Ж.С. ДАИРОВА Актуальные положения механизмов принятия решений в ЕС	71
Е.А. ОМАРОВ, Б.О. БЕРЕМКУЛОВ Вопросы совершенствования правовой базы оказания взаимной правовой помощи по уголовным делам	77
Д.Х. ПЕРНЕЕВ О некоторых вопросах избежания двойного налогообложения	84
Правовой мониторинг	88
Т.С. САФАРОВА Правовой мониторинг в контексте правовой политики Республики Казахстан: теоретико-аналитический аспект	88
С.Б. АЙСИН, З.Г. КАЗИЕВ Опыт зарубежных стран по изучению эффективности законодательства	92
А.Г. КАЗБАЕВА Теоретические аспекты общественного мониторинга нормативных правовых актов	96
Е.А. ДЮСЕНОВ, О.К. КАРАКОЖАЕВ Участие общественных организаций в проведении правового мониторинга в Республике Казахстан	101
Из практики законодательства на государственном языке	105
Ш.Р. МЫРЗАЕВА, Т.Е. МУШАНОВ Вопросы терминологии в национальном законодательстве	105
Е. САФУАНИ, А. КАДИРОВА Роль термина в законодательстве	110
А.А. МЕДИНАЕВА Языковые недочеты действующего законодательства	114
Л.С. ТУРГАНБАЕВА Вопросы аутентичности текстов международных договоров	119
Г.М. ЖЕТЕПОВА Проблемы терминологии в переводческом деле	123
Зарубежный опыт	127
О.В. БЕЛОУСОВА (г. Москва) Международное экономическое сотрудничество ЕС с государствами Латинской Америки	127
Трибуна молодого ученого	134
Д.М. ТҰРЛЫБЕК Эффективная налоговая политика и развитие малого бизнеса – альтернативные пути взаимодействия	134
Е.К. АХМЕТОВ Об общественном мониторинге нормативных правовых актов	139
А.С. АБДИКАРИМОВА Современное состояние коррупции и проблема расследования коррупционных правонарушений в Республике Казахстан	144
А. ЖУМАБЕКОВА Разработка и заключение международных договоров в Европейском Союзе и «особая роль» Великобритании по отношению к союзу	149
Ж.А. МАМИТОВА К вопросу о классификации международных антикоррупционных документов	155
Ж.Б. УАЛИЕВА Проблемы определения вины в отечественном законодательстве, соответствующей принципам современной уголовно-правовой политики	161
А.К. КАПЫШЕВА Международный опыт реформирования государственно-частного партнерства	167
А.М. БЫТЫМБАЕВ Содержание и общая характеристика нарушения экологических требований к хозяйственной или иной деятельности	172
Ж. МУСИНА Конфискация имущества в уголовном законодательстве республики казахстан: новые подходы в правовом регулировании	177
Д.Б. БАЙСАГАТОВА Роль Республики Казахстан в противодействии международному терроризму и экстремизму	183
Т.Б. ЖУМАГУЛОВ Международные организации и их деятельность в области обеспечения безопасности воды. Правовые аспекты	189
А.М. МАТЫШОВА Вопросы правового регулирования негласных следственных действий	193
Б.Н. ТАЖИБАЕВ Объективные признаки медицинских уголовных правонарушений	199

Информационные сообщения	208
Информационное сообщение о шестой международной научно-практической конференции по административному праву на тему: «Административный акт: издание, содержание и оспаривание» 5-6 ноября 2015 года в г. Астана	208
Мудрые мысли	213





Мырзаева Шолпан Рысбайқызы,
ҚР Заңнама институты
Лингвистика орталығының
НҚА және халықаралық шарттар жобаларына
ғылыми лингвистикалық сараптама
секторының
жетекші ғылыми қызметкері



Талғат Егінбайұлы Мұшанов,
ҚР Заңнама институты
Лингвистика орталығының
НҚА және халықаралық шарттар жобаларына
ғылыми лингвистикалық сараптама
секторының
кіші ғылыми қызметкері

ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМАДАҒЫ ТЕРМИНОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

«Әділет органдары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабына сәйкес Әділет министрлігі заң жобалау жұмысын жүргізу арқылы ұлттық заңнаманы қалыптастыруға қатысады.

Сонымен қатар «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңның 23-бабына сәйкес Әділет министрлігі заң жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізуді ұйымдастырады.

Осы сараптаманы жүргізу Әділет министрлігінің ведомстволық бағынысындағы Заңнама институтының құзыретінде. Сонымен бірге, Институттың Жарғысына сәйкес оның құзыретіне мемлекет қызметін құқықтық қамтамасыз ету саласындағы іргелі және ғылыми-қолданбалы зерттеулерді жүргізу де жатады.

Осы зерттеулер аясында Заңнама институтының Лингвистика орталығы 2012 жылдан бастап «Қазақстан Республикасының заңнамасында қазақ тіліндегі заң лексикасының қолданылуына мониторинг жүргізу» тақырыбында зерттеу жұмысын жүргізіп келеді. Заң лексикасы, оның ішінде заң терминологиясының қазіргі уақыттағы қалыптасу процесі, оның сапасы мен заң жобалау жұмысы барысында қолданылу мәселелерін талдау – іргелі ғылыми зерттеудің ауқымды әрі өзекті тақырыбы.

Жүргізілетін зерттеудің негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасының азаматтық

заңнамасының лексикалық және нормативтік базасын зерттеу және талдау, заң терминдері мен жалпы азаматтық-құқықтық заңнаманың тілдік негіздерін жетілдіру, заң шығару процесінде терминдер мен сөз тіркестерін бірізді қолдану, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және әзірленетін нормативтік құқықтық актілер жобаларының сапасын арттыру.

Осыған дейін түрлі себептермен жіберілген тілдік кемшіліктер заңнаманың сапасына, сонымен қатар құқық қолдану тәжірибесіне де теріс әсерін тигізіп келеді. Ұлттық заңнамада кездесетін кемшіліктер қатарында қарапайым орфографиялық қателіктермен қатар, дұрыс аударылмауы себебінен құқықтық мағынасы өзгеріп кеткен нормалар да кездеседі.

Сонымен қатар қолданыстағы заңнамада бірізділікті қажет ететін ұғымдар мен тіркестер көп кездеседі.

Мысалы, осы зерттеу жұмысын жүргізу барысында мынадай олқылықтар анықталды.

«Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» ҚР Заңында бүкіл мәтін бойынша «иностраннные периодические печатные издания» деген сөз тіркесін қазақ тіліндегі мәтінде қолдануда бірізділік сақталмаған. Аталған Заңның 4-4-бабында «шетелдік баспасөз басылымдарын» деп «мерзімді» деген сөз қалып қойса, 4-2-бапта осы тіркес «шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын» деп дұрыс қолданылған. Осы олқылық бүкіл мәтін бойынша кездеседі.

Осыған ұқсас олқылық «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабында да анықталды. Осы баптағы «маркировка» деген термин 4-тармақта «таңбалау» деп қолданылса, ал келесі 5-тармақта «таңбаланым» деп жазылған, яғни осы терминді қолдануда бірізділік сақталмаған әрі дұрыс аударылмаған. Қазіргі уақытта бұл термин «маркалау» деп қолданылып жүр, ал «таңба» деген сөз «знак» деген сөздің аудармасы ретінде қолданылады.

Осымен бірге, «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» ҚР Заңының 6-бабының үш тармағында «насильственные действия» деген термин бірізділік сақталмай әртүрлі қолданылған:

«6-бап. Осы Заңның 5-бабында аталған, соттар негіздеп айыптаған, сондай-ақ сот емес органдардың шешімдерімен қылмыстық жазаға тартылған, істерінде мына төмендегі жасаған қылмыстары жеткілікті дәлелденген адамдар ақталуға жатпайды:

а) шетелге қашып немесе ұшып кетуден басқа Отанды сатудың барлық формалары; қарулы көтеріліс немесе қарулы бандылар құрамында Республика аумағына революцияға қарсы мақсатта басып кіру және олар жасаған кісі өлтірулерге, басқа да күш көрсету әрекеттеріне; тіміскілік, терроризм актісі, бүлдіру әрекеттеріне қатысу;

б) жай халық пен әскери тұтқындарға қатысты күштеу әрекеттері, сондай-ақ Ұлы Отан соғысы кезінде осындай әрекеттер жасауына басқыншылар мен Отанын сатқандарға дем берушілік;

в) қарулы бандыларды ұйымдастыру және олар жасаған кісі өлтірулерге, басқа күштеу әрекеттеріне қатысу.

Осы норманың орыс тіліндегі мәтіні төмендегідей:

«Статья 6. Не подлежат реабилитации лица, перечисленные в статье 5 настоящего Закона, обоснованно осужденные судами, а также подвергнутые уголовным наказаниям по решениям внесудебных органов, в делах которых имеются достаточные доказательства совершения следующих преступлений:

а) измена Родине во всех формах, кроме бегства или перелета за границу; вооруженное восстание или вторжение в контрреволюционных целях на территорию Республики в составе вооруженных банд и участие в совершенных ими убийствах и других насильственных действиях; шпионаж, акт терроризма, диверсия;

б) насильственные действия в отношении гражданского населения и военнопленных, а также пособничество оккупантам и изменникам Родины в совершении таких действий во время Великой Отечественной войны;

в) организация вооруженных банд и участие в совершенных ими убийствах и других насильственных действиях.»

Осы норманың мәтіндерін оқып салыстырғанда, бірізділік сақталмағаннан басқа да көптеген олқылықтар кездеседі.

Мәселен, «насильственные действия» деген тіркесті «күш қолдану әрекеттері» деп қолданған дұрыс. Сондай-ақ, а) тармақшасында «шпионаж» деген сөз «тіміскілік» емес, «тыңшылық» деп, «диверсия» деген сөз «бүлдіру» емес, «диверсия» деп аударылмай қолданылуға тиіс.

Жалпы осы норма қазақ тіліне сөздердің орны сақталмай, синтаксистік те, стилистикалық та тұрғыдан дұрыс аударылмаған.

Тағы бір айтатын мәселе, тәуелсіздігіміздің алғашқы кезеңінде қабылданған нормативтік құқықтық актілерде кейбір терминдер дұрыс аударылмай қолданысқа енген. Мысал ретінде, «законодательство» деген термин де, «закон» деген термин де «заң» деп аударылды. Осы мәселені шешу үшін ғалымдар және қазақ тілімен тікелей жұмыс істейтін мамандар «заң» деген терминге балама ретінде «заңнама» деген терминді қолданысқа енгізді. Осы термин толығымен мағынасы жағынан қазақ тілінің нормаларына сәйкес келеді. Бұған ұқсас мысалдар көп, осылайша аударылмаған немесе дұрыс аударылмаған терминдер мен сөздерден, сөз тіркестерінен заңнамамызды бара-бара арылтып, аталған мәселені шешуге болады.

Қате тұжырымдалған не аударылған сөздер мен тіркестерді түзету, оларды тыңғылықты талдау ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді талап етеді. Жоғарыда келтірілген кемшіліктерді түзету және келешекте болдырмау мақсатында азаматтық-құқықтық заң терминдерінің тілдік-құқықтық табиғатына теориялық зерттеулер жүргізу де қажет. Осындай зерттеулердің негізінде азаматтық-құқықтық заң терминдерінің түсіндірме сөздігін қалыптастыру бүкіл ұлттық құқықтық заңнама салалары бойынша үлкен жобаның бөлігі болады деп жоспарланды. Осыдан келіп зерттеу жұмысының өзектілігі анықталады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 28 тамыздағы №858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған

құқықтық саясат тұжырымдамасында заңнама сапасын жетілдіру мәселелері қамтылған. Құқықтық жетілдірумен қатар қолданыстағы заңнаманың тілдік кемшіліктерін де түзету қажет болып отыр. Осыған орай, заң шығару, норма түзу процесінде орыс және қазақ тілдеріндегі заң терминдерінің бірізділігін қамтамасыз ету өзекті мәселе болып табылады.

Осымен бірге бұл бағытта жұмыс алғашқы рет жүргізіліп отырғанын және көп жылдық зерттеуді талап ететіндігін атап өту қажет.

Заң терминдерін саралау, олардың құқықтық-нормалық анықтамасын әзірлеу және олардың заңнамада қолданылып жүрген нұсқаларын жинақтап, талдау бойынша зерттеу, зерделеу жұмыстарының түйіні жалпы заң терминологиясын қалыптастыруға бағытталады.

Заң терминологиясын қалыптастыру – белгілі бір мерзімді қамтитын, біліктілікті, жан-жақты талдауды және сараптауды қажет ететін іргелі ғылыми-практикалық еңбек. Заңнама институтының Лингвистика орталығының қолданыстағы заңнаманың негізінде қазіргі уақытта жүргізіп отырған іргелі ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижесі заң терминдерінің анықтамалықтарын жасау арқылы алдағы жылдарда әртүрлі тақырыптық анықтамалық сөздіктер сериясын шығаруды көздейді. Ал бұл, өз кезегінде, заң терминологиясы мәселелерін тақырыптық жағынан жүйеге келтіріп жетілдірудің өзекті де, нақты бір көрінісі. Мұндай сөздіктер азаматтық-құқықтық заңнаманың заң терминдері мен ұғымдарының тілдік негіздерін жетілдіруге, заң шығару процесінде қолданылатын терминдер мен тіркестерді біріздендіруге, қолданыстағы және қабылданатын нормативтік құқықтық актілердің сапасын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Айтып өтетін жайт, Заңнама институты Лингвистика орталығының қазіргі құрамының Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының терминдеріне талдау жүргізуге әлеуеті мен мүмкіндігі жеткілікті.

2012-2014 жылдар аралығында ҚР Азаматтық кодексінің Жалпы және Ерекше бөлімдері терминдерінің қазақша-орысша анықтамалық сөздігін және «Заңнама терминдерінің қазақша-орысша және орысша-қазақша сөздігін» жасау бойынша жұмыстар жүргізілді.

Осының нәтижесінде ҚР Азаматтық кодексінің Жалпы және Ерекше бөлімдері терминдерінің қазақша-орысша анықтамалық сөздігінің 600 терминді қамтыған кітапшалары және «Заң терминдерінің қазақша-орысша және

орысша-қазақша сөздігінің» жалпы көлемі 120 баспа табақтан асатын бірінші және екінші басылымдары жарық көрді. Осы соңғы сөздіктің алғашқы басылымы Қазақстан бойынша барлық мемлекеттік органдарға таратылды, ал екінші басылымы Заңнама институтында қызмет бабында пайдалануға арналған 30 данамен шығарылып байқаудан өткізілуде.

2015 жылға арналған іргелі және қолданбалы зерттеудің объектісі ретінде қолданыстағы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының әлеуметтік саласы алынды. Бұл ауқымды көпсалалы заңнама ғылыми талдау жасап, қажетті заң терминдерін іріктеп алу үшін көп жұмысты қажет етеді. Сондықтан 2015 жылғы зерттеу барысында азаматтық заңнаманың әлеуметтік саласының қолданыстағы 3 кодексі және 53 заңы бойынша талдау жүргізу жоспарланған болатын. Жылдың соңында күтілетін нәтиже – Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының әлеуметтік саласы терминдерінің түсіндірмесі.

Заңнама институтының Лингвистика орталығы қызметкерлерінің ғылыми-практикалық ізденістерінің нәтижесі болған бұл жұмыстардың негізгі мақсаты – заң жобалары мәтіндеріне құқықтық-лингвистикалық сараптама жасауды сапалы түрде жүйелеп, мемлекеттік тілдегі заң терминдерін қалыптастыруға және оларды бірізділікке келтіру. Бұл бағыттағы жұмыс заң жобалары мәтіндеріне жүргізіліп отырған күнделікті практикалық сараптама жұмысымен және заң терминдерінің қолданысын сараптау мәселелеріне арналған, әр жартыжылдықта жоспарлы түрде өткізілетін ғылыми семинарлар мен дөңгелек үстелдерге шығарылатын өзекті мәселелермен ұштастырылып отырады. Атап айтқанда, соңғы жылдарда орталық мемлекеттік органдардың жауапты қызметкерлері, заңгер мамандары, лингвист аудармашыларының қатысумен әртүрлі ғылыми-практикалық іс-шаралар өткізіліп, Заңнама институтының заң терминдерін сауатты да сапалы пайдалану арқылы заң мәтіндерін жетілдіруге арналған нақты ұстанымдары мен ұсыныстары ортаға салынды. Осы өткізілген іс-шаралардың барлығында да жүргізіліп отырған іргелі ғылыми зерттеулердің нәтижесі күн тәртібіне негіз болды. Осы іс-шаралар заң бастамашылығымен айналысатын органдармен ортақ пікірге келудің алғышарттарын жасады. Осыған дәлел ретінде соңғы екі жылдың ішінде заң жобаларының мемлекеттік тілдегі мәтіндері сапасының жақсаруы, Үкімет және Парламент палаталары

депутаттары мен аппараттарының тарапынан мемлекеттік заң терминдерінің бірізділігіне қатысты ескертулердің барынша азайғандығын атап өтуге болады. Мәселен, заң әзірлеуші мемлекеттік органдардан лингвистикалық сараптамаға келіп түсетін заң жобалары мәтіндерінің сапасы 2011-2012 жылдармен салыстырғанда анағұрлым жетілдірілді.

Заңнама институтының Лингвистика орталы-

ғы жүргізіп отырған осы зерттеу нәтижелерін қолдану аясы кең болып табылады. Азаматтық заңнама терминдерінің түсіндірме сөздігін заң шығару процесі субъектілерінің барлығы қолдана алады. Сонымен қатар, түсіндірме сөздік құқық саласында ғылыми зерттеу жүргізетін ғылыми мекемелер мен оқу орындары үшін де көмекші құрал бола алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.
2. «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасы Заңы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.
3. «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасы Заңы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.



Осы мақала қолданыстағы заңнамада жіберілген кемшіліктер мен олқылықтар, терминдердің бірізділігі проблемасына және оларды жою жолдарын айқындауға арналған.

Түйін сөздер: «Қазақстан Республикасының Заңнама институты» ММ Лингвистика орталығы, ғылыми лингвистикалық сараптама, терминдер, бірізділік, олқылық.

Настоящая статья посвящена проблемам наличия пробелов и ошибок, отсутствия единообразия терминов в действующем законодательстве и определению путей их устранения.

Ключевые слова: Центр лингвистики ГУ «Институт законодательства Республики Казахстан», научная лингвистическая экспертиза, термины, единообразие, пробелы.

The real article is sanctified to the problems of presence of omissions and errors, absence of sameness terms in a current legislation and to determination of ways of their removal.

Keywords: Linguistic center of the Institute of legislation of the Republic of Kazakhstan, scientific linguistic expertise, terms, sameness, omissions.

Шолпан Рысбайқызы Мырзаева,

ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының НҚА және халықаралық шарттар жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама секторының жетекші ғылыми қызметкері

Талғат Егінбайұлы Мұшанов,

ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының НҚА және халықаралық шарттар жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама секторының кіші ғылыми қызметкері

Ұлттық заңнамадағы терминология мәселелері

Мырзаева Шолпан Рысбаевна,

ведущий научный сотрудник сектора научно-лингвистической экспертизы проектов НПА и международных договоров Центра лингвистики Института законодательства РК

Мушанов Талгат Егинбаевич,

младший научный сотрудник сектора научно-лингвистической экспертизы проектов НПА и международных договоров Центра лингвистики Института законодательства РК

Вопросы терминологии в национальном законодательстве

Myrzayeva Sholpan Rysbayevna,

Leading researcher of sector of research linguistic expertise of drafts of laws and regulations and international agreements of SI Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan

Mushanov Talgat,

Junior researcher of the sector of research linguistic expertise of drafts of laws and regulations and international agreements of SI Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan

Questions of terminology are in national legislation

